



КАЗАК

ӘДЕБИЕТІ

1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«БУДАПЕШТТЕ ЖАЙЫҚТАЙ БУЫРҚАНЫП ЖЫР ОҚЫДЫМ...»



Маржан Ершу таяуда мажарлар елінде іссапарда болып, қазіргі ұлттық құндылықтар төңірегінде әңгіме қозғап қайтқан еді. Сол елдегі қандасымыз Раушангүл Заханқызымен екеуара болған әңгімелерін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

– Маржан, әңгімемізді Мажарстан туралы аздаған мағлұматтардан бастасақ?
– Тарихи деректерде екі мың, тіпті үш мың жылдан бері сақтардан бастап, сарматтар, ғұндар, яғни, көшпенділер батысқа қарай жорық жасаған. Атилла (Еділ) деген құдіретті бабамыз ол жақта үлкен мемлекет құрғаны да тарихтан белгілі жәй. Ғұндардан кейін аварлар, оғыздар, одан кейін қыпшақтар да жайлаған мекен бұл. XII ғасырларда Балқаш, Арал, Каспий, Қара теңіз жағалауын жайлаған түркі тайпалары өмір сүрген Дешті Қыпшақ немесе Қыпшақ Даласы деп аталып, әр алуан қырқысулар мен алапат соғыстар болып отырған.

XIII ғасырда моңғол шапқыншылығынан күйрей жеңілген қыпшақ ханы Көтен қырық мыңдай қолымен Карпат тауының қойнауында орналасқан Дунай жағалауындағы Мадияр корольдігінің сол кездегі IV королі Бэладан қоныстанатын жер сұраған. Сол кездегі мажар тарихшыларының жазуы бойынша Түркі Арпад әулетінен шыққан IV король Бэла қыпшақтарды бауырым деп қарсы алады. Бұл оқиғаға байланысты Мажарстанның Қарсақ қаласында ескерткіш орнатылған. Король Бэла ұлына Көтен ханның қызын алып береді. Бэланың немересі, Көтен ханның жиені король Ласло билігі тұсында Мадияр патшалығында қыпшақтардың даңқы аспандайды. Қыпшақ тілі сарай тіліне айнала бастайды. Христиан мемлекетіне түркілердің билік жүргізуінен қорыққан мадиярлар король Ласлоға у беріп өлтіріп, Папа IX Иннокентий мажар қыпшақтарына манифес арнап: «Киіз үйде тұрып, көшіп-қонуды қойыңдар, Тәңірге сыйынуды доғарыңдар, христиан дінін қабылдаңдар», – деп әмір шығарып, қыпшақтарға қысастық көрсетеді. Ата дінін қимаған қыпшақтар атқа қонып, Алтын Орда құзырына өтеді. Днепр казактарымен бірігіп, Мадияр еліне соғыс ашады. Пештке дейінгі жерді талқандағанын көрген соң католиктердің қарқыны бәсеңдей түседі. Арада екі жүз жыл өткен соң ғана қыпшақтар христиан дінін қабылдаған. Осы орайда есімізге 1223-77 жылдары Мысырда билік құрған сұлтан Бейбарыс бабамыз түседі. Тарихта Бейбарысты қол астындағы бірде-бір халықтың дініне қол сұқпаған әділ билеуші ретінде де таниды. Әлемге әйгілі түркітанушы ғалым, тегі қыпшақ Қоңыр Иштван Мандоки: «Шамандыққа байланысты әдет-ғұрыптарымыз жақсы сақталған. Бізге Ислам діні әсерін тигізгені алыстан ғана байқалады. Құраннан қалған дұғаларымыз бар, олар арабша айтылмайды, төл тілде айтылады», – деп жазған.

– Қоңыр Иштван Мандокиды екі ел арасындағы алтын көпір ретінде бағалап, оның еңбектеріне көп жүгінеміз...

– Әрине, атақты түркітанушы-ғалым, этнограф, отыз екі тіл білген полиглот, соңына мол ғылыми мұра қалдырған Қоңыр Иштван Мандоки – екі ел арасын біріктіретін үлкен тұлға, үлкен қайраткер. Қоңыр Иштван Мандокидің ерлікке пара-пар еңбегі мен биік қайраткерлік тұлғасына Елбасымыз Н.Назарбаев та: «Қоңырдың екі ел арасындағы ұлы тарихи қандастықты жан-жақты дәлелдеп қана қоймай, ел мен елдің бірлігі, ортақ мәдениеттің гүлденуі, өзара қарым-қатынастардың кемелденуі жолында аянбай еңбек еткенін қазақ халқы мақтанышпен жадында сақтайды, үлгі-өнеге тұтады», – деп үлкен бағасын берген. Қоңыр Иштван Мандоки мажар тілдеріндегі тұрмыстық қолданыстағы бес жүзден аса сөз бен жер-су аттарының көне қыпшақ, қазіргі қазақ тілімен ұқсастығын ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Мысалы: арқан, арпа, балта, алма, ұршық, қобыз, тезек, шанақ, т.б. сөздер, Өтеміс, Тазлар, Шеңгелі, Жыланшық деген жер-су аттары. Мақал-мәтелдерінің де бізбен ұқсастығын көрсеткен. Мысалы, «Аттың төрт аяғы болса да сүрінеді», «Аузы күйген сүтті де үрлеп ішеді», т.б.

– Мажарстанға келу сапарың туралы айта отырсаң...

– Әр халықтың да қасиет тұтар рухани қазынасы – кітап десек, кітапхана – алтын ордасы. Бүгінгі таңда кітапхананың беделін көтеру, кітап қорын

толықтыру және сақтау, дамыған 50 мемлекеттің кітапханалары қатарына ену, бәсекелестілікке қабілеттілігін жетілдіру мақсатында ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы кітапхана ісіне жақсы мән беріп отыр. Қазіргі ақпараттық технологияның қатты дамып, әлем мәдениеттерінің бір-біріне әсерінің күшейген заманы. Әлемдегі белді, белгілі кітапханаларымен өзара ынтымақтастық байланыс орнату, іс-тәжірибе алмасу кітапхана үшін аса маңызды.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Үмітхан Мұналбаева мені Будапешт академиялық кітапханасы және Сегед кітапханаларымен өзара ынтымақтастық байланыс орнату мақсатында іссапарға жіберген еді. Осы екі атақты кітапханада іс-тәжірибеден өттім. Өзара ынтымақтастық байланыс та орнатылды. Будапешт академиялық кітапханасы, Сегед кітапханасы және Қоңыр Иштван Мандокидің жеке кітапханасынан ҚР академиялық ұлттық кітапханасына тарту-таралғы ретінде кітаптар сыйлады. Будапешт академиялық кітапханасы 1825 жылдың граф әулетінен тарайтын меценат Иштван Сеченидің ұйытқы болуымен пайда болған екен. Ол өзінің бір жылдық табысын осы академияға арнапты. Кейін Абрахам Вай, Дьёрдь Андраши и Дьёрдь Каройи секілді сол заманның қалталы азаматтары кітапханаға өз қаражаттарын жұмсап, білім мен мәдениеттің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірген. Ғимарат сәулетші Фридрих Август Шютлердің жобасы бойынша тұрғызылған. 1826 жылдың Граф Каунт Телеки жеке кітапханасынан 30000 дана кітаптар мен қолжазбаларды осы кітапхана қорына тапсырады. Мажарстанның ғылымы мен мәдениетін дамыту, ілгерілету үшін жасалынған игі қадамдардың барлығында да мажарлық меценаттардың қолтаңбасы жатыр екен. Будапешт – Еуропадағы түркология ғылымдарының ту тіккен орталығы болып саналады. Сегед университетінің Алтаистика кафедрасының профессоры, түркология ғылымында аты айшықты болып аталар, атақты түркітанушы, профессор Мария Иванович маған өзінің жеке кітапханасын көрсетті. XVI-XVII ғасырдағы ескі кітаптарды парақтап көрсеткенде, саусақтарымен кітап парақтарын аялап сипап, асықпай парақтап отырғаны маған қатты әсер етті. Будапешт академиялық кітапханасы мен Сегед кітапханасына өзімнің «Аламан», «Ерік Құрманғалиев» атты екі кітабымды сыйға тарттым.

– Осы сапар барысында мажарлар сенің шығармашылығыңмен де таныса бастаған екен ғой.

– Бұл мен үшін өте сәтті сапар болды. Будапешттегі Обуда аудандық әкімдігінің мәдени орталығында «Ерік Құрманғалиев», «Аламан» атты кітаптарымының таныстырылымы болды. Бұл кездесуге шығыстанушы ғалымдар, қаламгерлер қатысты. Жиынды ұйымдастырған және жүргізген әрі маған аудармашы болған Мажар Ғылым академиясының аға ғылыми қызметкері, түркітанушы-этнограф Давид Кара. Өзіміздің Айша Мандоки апамыз – «Қазақ-Мажар» қоғамының бір бөлімінде бастық. Екі ел арасындағы мәдени елші деуге болады. Ол кісі маған ақыл-кеңесін айтып, көп көмек берді. Давид студент кезінен шәкірт болам деп, Қоңыр Иштван Мандокиге барған екен.

Айша апамыз Давидке Дәуіт деп қазақша ат қойыпты. Дәуіт десең, кәдімгідей қуанып қалады. Қоңырдың қамқорлығында есейген бұл мажар жігіті аса зерделі. Бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Қазақ тілінде аса жатық сөйлейді. «Алпамыс батыр» жырын жатқа айтады. Кешіме қатысқан Мажарстандағы Әдет-ғұрыптар Үйінің хатшысы, музыкатанушы Агош Жевгелу де өнерпаз жан екен. Қобызшы, сыбызғышы бұл кісі домбыраны да жанына серік еткен. Қазақ халқының ескі әуендері мен мажар халқының әуендерінің мелодиялық ұқсастығын танытып, әндер шырқап берді. «Сонда бұл қай жақтың әуені болды екен» деп ойладым іштей. Тым әріден басталатын тамырластық бұл жерде де көрінді. Кеште өлеңдерімді оқып, шығармашылығым туралы айттым. Будапештте Жайықтай буырқанып жыр оқыдым. Қуанарлығы, шығармаларым мажар тіліне аударылатын болды. Бұдан соң Сегед қаласына жол тарттым. Сегед 1246 жылы қала мәртебесін алған ғой. Сегед кітапханасының да тамыры тереңде. Сегед университетінің Алтаистика кафедрасының түркология факультетінің студенттеріне қазақ тілі курсына кафедраның «Елтану курсы» бағдарламасы бойынша «Батыс Қазақстан, Атырау аймағы. Тарихи орындары мен тарихи тұлғалары» тақырыбында дәріс оқыдым. Ақмешіт-Бекет Ата, Сарайшық, Қарой, Қарашүңгіл, т.б. тарихи орындар мен Бейбарыс, Махамбет, Құрманғазы, Дина, Хиуаз Доспанова, Асалы-Көкетай, Ерік Құрманғалиев, т.б. тарихи тұлғалар туралы және олардың өз шығармашылығымда көрініс тапқаны туралы айттым. Бекет Ата туралы деректер студенттерге қатты ұнады. Бұл дәрісімнен кейін келер жылы түркология факультетінің студенттеріне Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары және мәдени-әдеби мұрасы тақырыбында бірнеше сағаттық дәрістер оқуға шақырту алдым. Бұдан соң Будапештте өткен Қазақстан Республикасының Мажарстандағы елшілігі, Мажарстанның Ғылым академиясы мен Халықаралық Түрік Академиясымен бірлесіп Қазақ хандығының 550 жылдығына орайластырылған «Ұлы Даладағы мемлекеттік дәстүр сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми конференциясына қатысып, сөз сөйлеп, өлең оқыдым.

– Анкарадағы Юнус Емре институтының Будапешттегі филиалында да «Аламан», «Ерік Құрманғалиев» атты кітаптарының таныстырылымы өткенін естідік...

– Бұл шара Будапешттегі Юнус Емре түрік мәдени орталығының директоры Якуб Гүл мырзаның қолдауымен өтті. Кітабымның таныстырылымына Мажарстандағы Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Нұрбах Рүстемов, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Түркі Академиясының президенті Дархан Қыдырәлі және тағы басқа танымал түркітанушы-ғалымдар қатысты. Кеш барысында түрік ақындарынан аударма оқыдым, қазақ-түрік әдебиетінің достығы туралы айтып, екі кітабымды Юнус Емре түрік мәдени орталығының кітапханасына сыйға тарттым.

– Мажарстан сапары өте жақсы өтті деген пікірдесің ғой?

– Әрине. Ел көрдім, ел таныдым. Мажарстаннан көптеген таныстар, достар таптым. Мажарлар кітапқұмар халық па деп қалдым. Паркте, метрода,

трамвайда кітап оқып отырғандарды көрсең, таңқалуға болмайды екен. Олар үшін бұл қалыпты жағдай сияқты.

Будапешт – өте әдемі қала. Буда қамалы, Геллерт тауы, Дунайдың аспалы көпірлері, Парламент үйі, Батырлар алаңы туристердің жанын баурайтын әдемі орындар. Мажарстан жер астынан шығатын минералды ыстық суларымен, хауыздарымен де даңқты. Бұл елде орта ғасырлық тарихи орындар мен ескерткіштер сол қалпында жақсы сақталған. Мажарлар бұрынғы құндылықтарды қатты құрметтейтін ел екен.

– Ел аралағанда есіңізде не қалды?

– Қадыр Мырза-Әли ағамыздың мына бір өлеңін есіме алып:

«Жағдай жоқ деп шағынба,

Жыр-шарабын ішіп ал!

Жүнжіп кеткен шағыңда

Самолетпен ұшып ал!

Көсем-ойдың көзімен,

Бәрін көріп, біліп ал!

Жерде жүрген кезіңе

Көкте жүріп күліп ал!», –

деп ішімнен бір күліп алдым да, Будапешттегі Астана көшесін аралап, осы көшеде бой көтерген Абай ата ескерткішіне сүйеніп, суретке түстім. Ұлы атамыз: «Әсемпаз болма әрнеге...» деуші еді ғой... Абай!..

Раушангүл ЗАХАНҚЫЗЫ,
Сегед университетінің Алтаистика
кафедрасының қазақ тілі лекторы,
филология ғылымдарының кандидаты.
БУДАПЕШТ-СЕГЕД.